


«ТӨЛЕМДЕР ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ» ӘЛІ ТОЛЫҚ ЖҮЙЕГЕ ТҮСПЕЙ ТҰР

ҚАЗІР МОБИЛДІ ТӨЛЕМ ӨМІРІМІЗГЕ ДЕНДЕП ЕНДІ. БАЛАМЫЗДЫ ДҮКЕНГЕ ЖҰМСАРДА ШҰҚШИЫП ТИЫН САНАП ТҰРМАЙСЫҢ. БАЛАҢНЫҢ НОМЕРІНЕ, БОЛМАСА ДҮКЕННІҢ САТУШЫСЫ КӨРСЕТКЕН НОМЕРГЕ ТІКЕЛЕЙ АУДАРЫП ЖІБЕРЕСІҢ. БІР ҚАРАҒАНДА ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ЕШҚАНДАЙ МӘСЕЛЕ ЖОҚ СИЯҚТЫ.



Бірақ, өткен жылдың басында көлеңкелі бизнеспен күресеміз дегендер салық кодексінде тек төлемнің екі формасы ғана қарастырылғандығын ұмытып кетті-ау деймін. Бұл – қолма-қол төлем және карта арқылы төлеу (пост-терминал, яғни түбіртек тіліндегі түрде беру) керек. Себебі, көп жерде төлем бұрынғыдай жүріп жатыр. Кейбір кәсіпкерлердің дүкендердегі төлем қабылдайтын құрылғылары бұзылып қалады немесе қуаты таусылып қалады. Әйтеуір, сылтау көп. Кейбір дүкендер бірнеше номерге аударуды ұсынады. Демек, бәрі де салықтан жалтарудың сан түрлі жолдарын іздеп жатыр...

Солардың бірі жолаушылар тасымалы қызметін көрсетушілер. Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль

жолдары басқармасы Ақтөбе – Ойыл, Ойыл – Ақтөбе бағытында жолаушылар тасымалы қызметін көрсетушілерге бірнеше мәрте тендер жариялағанымен нәтиже жоқ. Жақсы. Оның талаптарын орындау қиын. Сыйымдылығы жоғары автобус алуды екінің бірінің қалтасы көтермейді. Инвестиция салуға ешкім тәуекел ете алмай тұр. Сондықтан, үйіңнен келіп алып кетіп, қалаған жеріңе апарып тастайтын такси қызметі тиімді. Демек, біздің ауданда жолаушылар тасымалы такси қызметі арқылы толық шешілген секілді көрінеді. Оның себебі, қай жерге барамын десеңіз де, сарылып көлік күтіп көп тұрмайсыз. Телефонмен тапсырыс беріп қойып, көліктің толуын күту керек... Дегенмен, бұл — мәселенің

біз көріп жүрген бергі жағы екен. Жолаушылар тасымалы мәдениетін көтеру, сол арқылы жол қауіпсіздігі, басқа да қолайлы жағдайларды жасауды жақсарту секілді мәселелер аз емес.

Енді оған қалтаңда қолма-қол ақша болуы керек деген мәселе қосылды. QR төлем күтіп жүрген жолаушылар бұрынғыдай Каспимен аударуға да зар болып қалды.

Яғни, кейбір жолаушылар тасымалы қызметін көрсететіндер Каспи төлем қабылдаудан бас тартып, қолма-қол ақша сұрайды. Тұтынушының құқығы қайда? Оған түкіргені бар ма?

Ал, 2024 жылдың қаңтар айында көп кәсіпкер Каспи төлемнен бас тартқан алғашқы дүрбелең кезінде кезінде «Төлемдер және төлем жүй-

елері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 11-тармағына сәйкес ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жерлерде болатындарды қоспағанда, дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде өз қызметін жүзеге асыратын орындарда төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдер қабылдауға арналған жабдықты (құрылғыны) орнатуды және қолдануды және (немесе) лездік төлемдер жүйесін (QR-код төлемдері) пайдалана отырып, төлемдер қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті» - деген салық органдары қызметкерлерінің сөзі қайда?

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ӨНІР БАСШЫСЫ ІІМ АРДАҒЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨКІМІ АСХАТ ШАХАРОВ ӨНІРДІҢ БЕЛГІЛІ ЖӨНЕ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ – ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ АРДАҒЕРІ ЕЛЕМЕС ШОТАНОВТЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ.



Ішкі істер саласында отыз жылға жуық қызмет атқарған жерлесіміз Елемес Шотановпен кездесуде өңір басшысы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі мен адалдығы үшін ризашылығын білдірді.

Елемес Шотанов еңбек жолын ауыл мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып бастап, кейін ішкі істер органдарына қызметке жіберілген. Ол Ырғыз, Темір, Шалқар және Әйтекеби аудандарының полиция бөлімдерінде басшылық қызметтер атқарған. Оның құқық қорғау саласындағы жалпы еңбек өтілі – 29 жыл, соның 18 жылы – басшылық лауазымдарда.

«Кеше ел Президенті өз сөзін-

де дәл осындай Сіздің отбасыңыз секілді полиция әулеттері мемлекеттің тірегі екенін атап өтті. Олар ұрпақтар сабақтастығын қалыптастырып, заңға деген сенімді нығайтады және жастарға үлгі болады деді. Заңға құрмет — болашағымыздың негізі екенін айтты. Сіздің әулетіңіз туралы біз білеміз — Отанға қызмет ету қаннан берілген. Немереңіз де үлкендердің жолын қуып, міндетті түрде генерал болады деп сенемін. Біз сіздермен мақтанамыз», — деді Асхат Шахаров ІІМ ардагеріне.

«Сіздер сияқты азаматтарымызбен мақтанамыз. Өмір жолдарыңыз бен еңбектеріңіз өскелең ұрпаққа үлгі», — деп атап өтті.

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2025

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГІ ӘКІМІН САЙЛАУ 2025 ЖЫЛҒЫ 13 ШІЛДЕ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

Құрметті сайлаушылар!

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес 2025 жылғы 13 шілдеге тағайындалған Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің сайлауында округ сайлаушыларының дауыс беруі таңертеңгі сағат 7.00-де басталып, кешкі сағат 20.00-ге дейін төмендегі мекенжайларда орналасқан сайлау учаскелерінде өтетінін хабарлайды:

Қ/С	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскелерінің орналасқан орны және байланыс телефондары
1	№406	Қараой ауылы, Жасқайрат көшесі 26, «Қараой мектеп-балабақшасы» КММ ғимараты телефон: 8 (71332) 73-7-20
2	№407	Құбасай ауылы, Қызылжол көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-37

КӘСІПКЕРЛЕРМЕН АШЫҚ ПІКІР АЛАҒЫНДА АУДАН ӘКІМІ МЕН АУДАН ПРОКУРОРЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ПЕН АУДАН ПРОКУРОРЫ АҚЕДІЛ ҮСЕНОВ «АТАМЕКЕН» КӨСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ АУДАНЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН КӨСІПКЕРЛЕРМЕН АШЫҚ ПІКІРТАЛАС ТҮРІНДЕГІ ЖИЫН ӨТТІ.



Кездесу барысында алдымен аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Арысланбек Алдияр аудан кәсіпкерлерінің бүгінгі тынысы туралы толық ақпарат берді. Ал, жиында аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы ауданға инвестиция тарту туралы кейбір жобалардың кешеуілдеу барысын саралап, инженерлік жүйелерді жүргізу туралы мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көрген кәсіпкерлердің әлі күнге өз міндеттемелерін орындамай отырғандығын да жасырған жоқ. Аудан прокуроры Ақеділ Қайсарұлы осы жиында сөз алған кәсіпкерлердің мәселелерін бірлесе шешу үшін атқарушы билікке оларға құқықтық көмек көрсетіп, инфроқұрылымдарды жүйелеу жайын тапсырды.

АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН АСТАНА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды, Тәуелсіздік жылдарында қол жеткен ең үлкен жетістігіміздің бірі, Сарыарқаның төріндегі Елордамыз – Астана қаласының туған күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн, Тәуелсіз еліміздің тарихында айтулы орын алар, маңызы терең мерекелердің бірі. Астана – елдігіміздің нышаны, береке-бірлігіміздің ұйытқысы, абыройымыздың айғағы. Бүгінде әлемдік деңгейдегі мәселелерді талқылайтын алаң, саяси және мәдени шаралардың ошағы, жаңашылдық пен жазампаздықтың озық орталығы – Астана, Алаштың асқақ армандарының ақиқатқа айналып, қазақ ұлтының ұлы тұғыры саналып, біздің еліміздің мәуелі бүгіні, баянды болашағының бейнесі. Ерке Есілдің бойын жағалай орналасқан әсем қала аз ғана уақыт ішінде сәулеті мен дәулеті асқан, архитектуралық ерекшелігімен талайдың таңдайын қақтырар әлемдік деңгейдегі қалалардың біріне айналды. Еуразия құрлығының кіндігінде орналасқан Астана бүгінде Шығыс пен Батысты жақындастыратын, өртүрлі мәдениеттер мен өркениеттерді қауыштыратын, бейбітшілік пен тұтастық идеясын тарататын орталыққа айналды.

Ажары кіріп, айбыны асқақтаған Астана қаласы бүгінгі күні біздің бойтұмарымызға айналды. Қазіргі астана инновациялық идеялар мен батыл бастамаларды жүзеге асыру алаңы. Қадамы нық бас қаламыздың жыл өткен сайын маңызы артып, мәртебесінің өсуіне әрбір қазақстандықтың ықпалы зор. Қай-қайсымыз да елордамыздың тарихымен, мәдениетімен және қайталанбас қолтаңбасымен мақтана аламыз. «Қабырғасымен ғана емес, адамдарымен де көрікті» Астана секілді жас қаласы бар еліміздің болашағы жарқын болсын!

Құрметті жерлестер!

Мұның барлығы бірлігі жарасқан, дархан пейілді халқымыздың зор еңбегінің жемісі! Халқымыздың жүрегі, еліміздің тірегі - Астана қаласы жасай берсін! Осынау мерейлі мереке күні, баршаңызға дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс, елімізге бейбітшілік пен баянды болашақ тілеймін! Сұлу Астанамыз қарыштап дами берсін!

Ігі тілекпен, Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2025 жылдың 24 маусымынан бастап 9 шілдесіне дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;
- аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;
- саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2025 жылдың 9 шілдеге дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14:00-ге дейін. Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-705-918-28-96 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Аумақтық сайлау комиссиясының атауы	Комиссия құрамындағы бос орын саны
Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы	1
Округтік сайлау комиссиясының номері	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№ 9	1
Учаскелік сайлау комиссиясының номері	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№ 390	1

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начале избирательного процесса на вакантные места, выбывшие из членов территориальных, окружных и участковых избирательных комиссий.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 24 июня по 9 июля 2025 года представляют в маслихат следующие документы:

- сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;
- копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан». Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 9 июля 2025 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул.Курмангазина 43.

Ответственное лицо – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, междугородний телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 8705-918-28-96, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

ВАКАНСИИ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ КОМИССИЯМ:

Наименование территориальной избирательной комиссии	Число вакантных мест
Уилская районная территориальная избирательная комиссия	1
Номер окружных избирательных комиссий	Число вакантных мест
№ 9	1
Номер участковых избирательных комиссий	Число вакантных мест
№ 390	1

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2025

ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРҮГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР АЙТҚАЛИЕВ НҰРЛАН АЙСАҰЛЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ



Айтқалиев Нұрлан Айсәулі 1995 жылы 16-қарашада Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қараой ауылында дүниеге келді. 2002 жылдың қыркүйек айында Қараой мектеп-бала бақшасына 1сыныпқа қабылданып, 2013 жылы 11-сыныпты аяқтап, 2015 жылы С. Баишев атындағы Ақтөбе университетіне «Педагогика және психология» мамандығына оқуға түсіп, 2019 жылдың маусым айында бакалавр дәрежесін алып, оқуды үздік дипломмен аяқтап шықты.

2019 жылдың тамыз айында Қараой мектеп-балабақшасына жастар тәжірибесіне қабылданды. 2020 жылдың қаңтар айында осы мектепте аға тәлімгер болып тағайындалды. 2020 жылдың қыркүйек айында Қарғалы ауданы, Желтау ауылдық округіне, «Бәйтерек» және «Бөбек» балабақшаларына психолог болып жұмысқа орналасты.

2020-2022 жылдары аралығында, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетін, «Математика-Информатика» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін иеленіп, екінші жоғары білімі бар жас маман атанды.

03.12.2020-11.12.2023 жылдар аралығында «Қараой ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет жасады. 12.12.2024-03.03.2025 «Ойыл ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің бас маманы болып қызмет атқарды. 2025 жылдың 3 наурызынан бастап «Ойыл ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің ақпараттық қауіпсіздік және мемлекеттік қызмет көрсетуді талдау бөлімінің басшысы болып жұмыс атқарып келеді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті ауыл тұрғындары!

Мен Сіздердің қолдауларыңызға ие болсам, төмендегідей өзімнің сайлауалды бағдарламамды жүзеге асыруға жұмыстанамын:

-кәсіпкерлік қызметті дамытып, ауыл шаруашылығындағы салалық мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жұмыс жасаймын;

-ауыл шаруашылығы бойынша мал азығын молайту, суармалы егіс егу жұмыстарын өндіріске енгізуге қызмет жасаймын;

-салық және бюджетке төленетін төлемдердің уақытылы толық түсуін қамтамасыз ете отырып, олардың ауылдың қажетті салаларын дамытуға бағытталуына күш саламын;

-табысы төмен әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға және мүгедектер мен қарттарға қолдау көрсетіп, оларға жергілікті бюджет қаржысы есебінен тегін қызмет түрлерін кеңейтуге ат салысамын;

-ауыл тұрғындарын жұмылдырып, елді мекенді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын іске асыруға көңіл бөлемін.

-ауыл жастарының көкейтесті мәселелерін оңтайлы шешіп, жастарды ауылдың жерде тұрақтандырып, Қазақстан Республикасының белсенді патриотын тәрбиелеу үшін, ел болашағы жастармен жұмысты кешенді түрде жүргіземін және жастардың жағымсыз қылықтардан аулақ болуына бағыт—бағдар беруді басты назарда ұстаймын.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2025

ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРҮГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР МАЙКАНОВ АБЗАЛ САНСЫЗБАЙҰЛЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ



Майканов Абзал Сансызбайұлы 1991 жылы 5 қаңтарда Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылында дүниеге келген. Жоғары білімді, 11 жыл педагогикалық өтілі бар, педагог-сарапшы. 1997 жылы 1 қыркүйекте Қараой мектеп-балабақшасының 1- сыныбына қабылданып, 2006 жылы негізгі мектепті үздік куәлікпен аяқтап, Ақтөбе гуманитарлық колледжіне оқуға түсті. Осы колледжді 2010 жылы аяқтап, еңбек жолын Ш.Берсиев атындағы орта мектептен бастады. 2010 жылдың желтоқсан айынан бастап өз туған жеріне Қараой мектеп — балабақшасына математика пәнінің мұғалімі болып ауысты.

2011 жылы Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің математика факультетіне оқуға түсіп, оны 2014 жылы математика мамандығы бойынша тәмамдады. 2022 жылы отбасын құрып, 1 қыз тәрбиелеп отырған ардақты өке.

А.С.Майканов білім беру саласындағы тынымсыз шығармашылық еңбегі және өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі қол жеткізген табыстары үшін облыстық, аудандық, мектепшілік марапаттарға ие болып келеді. Өзінің оқытқан шәкірттері де түрлі байқаулар мен сайыстарда ұстаз еңбегін жоғары деңгейде көрсетіп жүр.

Тәуелсіздігіміздің төл құрдасы — Майканов Абзал Сансызбайұлы білім нәрімен сусындап өскен Қараой мектеп — балабақшасында 2018 жылдың 24 тамызынан бастап мектеп директоры болып қызмет етуде.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Егер мен ауылдық округ әкімі болып сайлансам, алдағы 4 жылда:

- Елді мекендер арасындағы көтерме жолдарды ағымдағы жөндеуден өткізуге;

- Ауылды газбен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізуге құжаттарын дайындауға;

Мен ауылдық округ бюджетінің шектеулі екенін білемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу арқылы:

- Шағын спорт алаңдары мен ойын алаңдарын салуға;

- Ауылға жастарды тұрақтандыру бағытындағы жұмыстарға бар күшімді саламын;

- Жастарды ауылға тарту және тұрақты жұмыспен қамту, балалар мен жасөспірімдердің өз уақыттарын тиімді өткізулеріне мүмкіндігінше қоллайы жағдай жасау;

- «Дипломмен ауылға» бағдарламасының ауылдық округте іске ауына қолдау көрсету, ауылға жас мамандарды тартып, оларға әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету;

Алдағы жұмыс жоспарына енгізілетін басты мәселелер:

-«Жер аманаты» жобасы аясында пайдаланылмай бос жатырған жер учаскелерін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыра отырып, округ тұрғындарының қосалқы шаруашылығындағы мал басының артуына байланысты елді мекен шегіндегі мал жаю алқаптарын ұлғайтуға;

-«Ауыл аманаты» жобасы аясында орта және шағын бизнесті дамытуға, кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыруға;

-Елді мекендердегі халықтың тұрақтылығын сақтап, шағын мектептердегі оқушы санын қалыпты ұстауға;

-Экологияны жақсарту жөнінде шаралар қабылдауға, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін, өтініштерін ескере отырып, орындалуына күш саламын.

Мен, «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасындағы аудандың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен инфрақұрылым әлеуетін арттыру бағытындағы көрсеткіштерді басты бағдар етіп аламын.

Құрметті жерлестері

Мен осы айтылғандарды орындау үшін, оны ел игілігі мен туған жерімнің пайдасына жарату үшін АМАНАТ жүгін арқалап, сайлауға барамын! Сайлауға келіңіздер, маған дауыс беріңіздер!

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2025

ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРҮГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР НАУРЫЗБАЕВ АЛМАТ НАУРЫЗБАЙҰЛЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ



Наурызбаев Алмат Наурызбайұлы 1993 жылдың 10 қазаны күні Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Сарбие ауылында дүниеге келді. 2000-2011 жылдары Сапақкөл орта мектебін аяқтап, 2011 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіне түсіп, 2014 жылы «Көлікті пайдалану, жүк қозғалысы мен тасы-

малдауды ұйымдастыру» мамандығын алды.

Сонымен қоса 2011 жылы университет жанында оқып жүріп, М.Оспанов атындағы медицина университетінің жанындағы әскери кафедрада 2 жыл 6 ай оқып, запастағы офицері (лейтенант) шенін алып, 2013 жылы бітірді.

27.05.2016 жылы «Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жалпы конкурс негізінде жетекші маман болып мемлекеттік қызметтегі еңбек жолын бастап, 2021 жылы 9 наурыз күні ішкі конкурспен бас маман лауазымына ауысып, қазіргі уақытта аталған лауазымда жұмыс атқаруда.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті ауыл тұрғындары!

Сіздердің қолдауларыңызбен ауылдық округ тұрғындарының талап тілектерін ескере отырып, үміткер ретінде төмендегі сайлауалды бағдарламамды ұсынамын:

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің уақытылы толық төленуін үйлестіруге атсалысамын;

Ауыл шаруашылығы саласында "Ауыл аманаты" жобасын іске асыру есебінен жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолдау көрсете отырып, ауыл тұрғындарының табысының көтерілуіне қолдау көрсетуді басты назарда ұстаймын;

Елді мекендерді газбен қамту мәселелерінің шешілуіне жұмыс жасауға ықпал етемін;

Ауылдық округтің елді мекендері мен көшелерін абаттандыру, жарықтандыру, автомобиль жолдарын жөндеу мәселелерін шешу бойынша тиісті жұмыстар жүргіземін;

Тұрғындардың өтініштерін жан-жақты қаралып, қанағаттандыру бойынша жұмыстарды бақылауда ұстаймын.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ТОЛЫҚ АҚТАЛДЫ МА?

Өткенге баға беру уақыт пен жүйелі ізденісті қажет ететіні түсінікті. Бұл ұстаным қуғын-сүргін құрбандарына қатысты да қолданылатын секілді. Олай дейтініміз, ғасырға жуық уақыт өтсе де саяси қудалауға түсіп, жазықсыз жапа шеккен азаматтарды зерттеу, оларды ақтау толық аяқталған емес.

ЗҰЛМАТ БАСЫ

Саяси қуғын-сүргін құрбандарының нақты санын немесе ұлттық жіктемесін деп басу қиын. Өйткені XX ғасырдың бас шенінде сыртқы күшке қарсы қайрат көрсеткен қазақтар, тағдыр төлкегімен жерімізге табан тіреген өзге ұлттар көп. Олардың бәрін толық қуғын-сүргін құрбандары санатына жатқызу әлі жүзеге аса қойған жоқ. Енді ғана мұрағат дерегі ашылып, алғашқы қадам жасалып жатыр.

Жалпы, тарихшылар Қазақстандағы алғашқы ауқымды репрессия басталған уақытты 1928 жыл деп көрсетеді. Себебі 1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1-хатшысы қызметіне Ф. И. Голощекин тағайындалып, зұлмат кезеңнің бірін бастаған болатын. «Кіші Қазан» революциясын жасау деген желеумен халықтың тұрмыстық ахуалын әлсіретіп, зиялыларға ауыз салғаны мәлім. Осылайша, 1930 жылдары 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мың адам ату жазасына кесілді. Басым дені саясат, ғылым, өнер саласының өкілі еді.

Бұл бізде ғана орын алған зұлмат десек, әділетсіз болар. 1930-1953 жылдары, яғни ширек ғасырда 40 миллионнан астам кеңес азаматы репрессияға ұшыраған. Әр ұлттың ойы озық, рухы еркін интеллегенциясы нысанаға ілікті. Кейбір Қазақстандағы арнайы лагерге (ГУЛАГ) қамалды. Олардың қатарында Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері (АЛЖИР), Қарағанды еңбекпен түзету лагері (Карлаг), Дальний, Степной, Песчаный, Камышлаг, Ақтөбе, Жезқазған лагері, Петропавл лагері, Кеңгір және Өскемен лагері бар-тын. Қуғын-сүргін жылдары аталған лагерлерге 5 миллионнан астам адам жер аударылған.

Оған қоса қазақ жеріне күштеп көшірілген Еділ немістері, Қырым татарлары, Кавказ халықтары қаншама. 1930-1940 жылдары миллиондаған адам Қазақстанға депортацияланды. Тек 1937 жылдың өзінде мыңдаған түрік, өзербайжан, көріс, күрдтер елге қоныс тепкені белгілі. Бұл қудалау тәсілі ҰОС жылдарында да жалғасып, 1 миллионнан астам адам шарасыз ел кезді. Қазір Қазақстанда өмір сүретін неміс, грек, шешен, ингуш, қарашай, балқар этносының көбі — осы тағдыр жолымен келген халықтың ұрпағы.

ҚҰРБАН САНЫ ҚАНША?

Қуғын-сүргінге ұшыраған қазақтың ерекшелігі — жан санының 40 пайызынан айырылуы, ұлттың бетке ұстар тұлғаларының қуғындалуы. Қанқұйлы заманда Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Тұрар Рысқұлов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Санжар Асфендияров, Халел Досмұханбетов секілді қайраткерлер оққа ұшты. Саяси ғылымдар докторы, алаштанушы Әбдіжәлел Бәкірдің пікірінше, Кеңес үкіметіне зиялыларды абактыға тоғыту қиынға соқпаған. Кез келген пікір мен ұстанымнан қылмыс көріп,

еркін ойлы азаматтарды жаншуға тырысты.

— Бар мәселе мемлекеттің саяси жүйесіне байланысты болды. Тек коммунистік партияның, оның бірінші басшысының үстемдігіне негізделген, табиғатында қайшылықты тоталитарлық жүйе болған социализм қоғамды таптарға ғана бөліп қойған жоқ, оның бірін екіншіге қарсы қойды. Кедейді бай етудің орнына байды кедей етіп, кедейлердің байларды жоюын мұрат еткізді. Саясат пен идеологияда «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген атаулар үстемдік құрды. Сонымен қатар халық арасында сирек болса да кездесіп қалатын озықты көре алмаушылық, қызғаншақтық сияқты фактілерді тиісті органдар тиімді пайдаланды. Өйтпесе бір өзі бір мемлекеттің жұмысын атқарған Темірбек Жүргеновті әкесінің бай болғанына байланысты «халық жауы» деп қатардан кетіргенге сену қиын, — дейді тарихшы.

Алаштанушының сөзінше, солақай саясаттың салқыны тек зиялы қауымға емес, қарапайым халыққа да бағытталды. Мақсатты түрде ұйымдастырылған нәубет салдарынан жаппай ашаршылық жайлап, 2 миллионға жуық адам жан тапсырған. 200 мың қазақ ел асып кетті, біршама ауыл қаңырап қалды.

— XIX ғасырдың екінші жартысынан үлкен аймақты алып жатқан қазақ елі түгелдей патшалық Ресейдің отарына айналды. Бұрын көшпенді өмір салтындағы халық еріксіз отырықшылыққа бағытталды, артық жер жаңадан көшіп келушілер қорына ығыстырыла бастады. Қуаңшылықтан егіннің өнім бермеуі, жайылымда шөптің болмауы, малдың жұтқа ұшырауы секілді объективті факторларға дау жоқ. Алайда отарлық саясат бұл факторларды күшейте, арттыра түсті. Халық жан-жаққа үдере көшіп, мыңдаған адам аштыққа душар болды, — дейді ғалым.

ҮШ ЖЫЛДА 311 МЫҢ АДАМ АҚТАЛДЫ

Саясатта жаңа жүйе өзіне дейінгі кезеңді мансұқтайтын дәстүр бұрыннан бар. Кеңес Одағында да бұл тәсіл кең қолданылды. Мысалы, қаншама халықты қырғынға ұшыратқан И.Сталин дүние салған соң билікке келген Н.Хрущев саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау процесін бастағанын білеміз. Айтылмаған шындық, жазықсыз жала жария болды. Осылайша, кеңестік жүйе күірегенше қудалауға түскен арыстардың бірінен соң бірі әділ бағасын алып жатты.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау ісі жаңа кезеңге бет бұрды. 1993 жылғы 14 сәуірде арнайы құжат — «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданып, 2020 жылға дейін 340 мың адам ақталды. Ал 1997 жылы Президент жарлығымен 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланған. Ақтау шарасының ең маңызды қадамы кейінгі жылдары орын алғанын айта кеткен жөн. 2020 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойды. Соның нәтижесінде 2020-2023 жылдары жұмыс істеген Мемлекеттік комиссия

311 мың адамды ақтауға сеп болған еді. Осылайша, Тәуелсіздік жылдары аралығында ақталған азаматтардың саны 650 мыңнан асты.

Бұған дейін ақтау ісінің басы-қасында жүрген Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин ғалымдар мыңдаған құжатқа қол жеткізгенін әрі ақтау әлі де жалғасатынын айтқаны есте. «Барлық аймақта саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жергілікті комиссиялар құрылды. Мемлекеттік комиссия құрамында 425 ғалым, зерттеуші мен сарапшы еңбек етті, оның 260-тан астамы аймақтық комиссияның құрамында болды. Елдің барлық аймағындағы 60-тан астам мемлекеттік және ведомстволық архивтегі материалдар зерттелді. 2,6 миллионнан астам құжат пен материалдан құпия белгісі алынып тасталды.

Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған 311 мыңнан астам адам ақталды. Зерттеу нәтижесін ғылыми тұрғыда рәсімдеу үшін Мемлекеттік комиссия материалдарының 72 томнан тұратын жинағы бір сериямен баспаға дайындалды. Алдағы уақытта саяси қуғын-сүргінге қатысты зерттеу жұмысын Президент тапсырмасымен құрылған ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу орталығы жалғастырады», — деді Мемлекеттік кеңесші.

Бүгінде қуғын-сүргін құрбандарының бірыңғай мемлекеттік қоры жасақталған. Мұнда құрбандардың аты-жөні арқылы барлық тиісті құжатты табуға болады. Оған қоса 2023 жылы әртүрлі қуғын-сүргін санаттары бойынша 31 томдық құжат жарыққа шықса, өткен жылы Алаш қозғалысының тарихына қатысты архив материалдарының 12 томы оқырманға жол тартты.

Сонымен қатар 2,4 миллионнан астам мұрағат карточкасынан «құпия» статусы алынып тасталды. Мәжіліс депутаты Еркін Әбіл ақталмаған қуғын-сүргін құрбандарының саны әлі де көп деген ойда. Айтуынша, ақтау кезегін күтіп тұрған миллиондаған адам бар. Өсіресе, саяси өмірге қатыспаса да, жазықсыз зардап шеккен бай-сұлтандардың балаларына да назар аудару керек.

«Олар ештеңе істемесе де, жазықсыз болмаса да қамалды. Оларда «кереғар» әлеуметтік жағдай орнады. Бұлар сұлтандар мен байлардың балалары еді.

Патша өкіметі кезінде мемлекеттік органдарда аудармашы немесе іс жүргізуші болып жұмыс істегендер немесе олардың туыстары қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың барлығы сайлау құқығынан айырылған-дар қатарында болды. Оларға қалаларда тұруға немесе жоғары білім алуға рұқсат етілмеді. Бұл да репрессия. Олар лагерьлерге жіберілмеді, бірақ жазаланды. Осы адамдарды есепке алғанда, қазірдің өзінде үш миллионға жуық қуғын-сүргінге ұшырағандар бар екені белгілі болды», — деді депутат. Тарихтың ақтаңдақ беттері терең зерттеуді талап етеді. Қазір Мемлекеттік комиссия бастаған жұмыс жалғасын тауып, қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың жаңа кезеңі жоспарлануда. Бұл қадамдар жай ғана құрбандар есімін әділетсіз таңбадан тазарту емес, тұтас ұлттың ұмтылған арманын насихаттаудың төте жолы болмақ.

Еркін ШАМШАДИН, kaz.inform.kz.

ТАЛАПКЕРЛЕР EGOV.KZ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ КОЛЛЕДЖГЕ ТҮСУГЕ ӨТІНІШ БЕРЕ АЛАДЫ

EGO.V.KZ ПОРТАЛЫНДА ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК, ОРТА БІЛІМНЕН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ. БИЫЛ БҰЛ ҚЫЗ-МЕТ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖАҢАРТЫЛЫП, ТАЛАПКЕРЛЕР ҮШІН ӨЛДЕҚАЙДА ЫҢҒАЙЛЫ БОЛДЫ. ӨТІНІШ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАҢА ФУНКЦИЯЛАР МЕН СҮЗГІЛЕР ҚОСЫЛЫП, ОҚУ ОРНЫН ЖЫЛДАМ ТАҢДАУҒА, ҚАТЕЛІКТЕРДІ БОЛДЫРМАУҒА ЖӘНЕ УАҚЫТ ҮНЕМДЕУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Енді өтініш беру кезінде талапкер жатақхана немесе тегін тамақтану қажеттілігін бірден көрсете алады.

Әскери қызметті шақыру бойынша толық өтеген азаматтар санатына жататындар растайтын құжатты тіркей алады. Маңызды жаңашылдықтардың бірі — оқу орнын таңдау кезінде сүзгілеу механизмінің енгізілуі.

Жүйе талапкер таңдаған параметрлерге сәйкес колледждердің тізімін автоматты түрде қалыптастырады: оқу аймағы, оқыту тілі, бағыт және мамандық бойынша.

Оқыту тілі көрсетілгеннен кейін жүйеде тек сол тілде оқыту қарастырылған оқу орындары ғана көрсетіледі.

Сондай-ақ, «Серпін» бағдарламасына қатысатын өңірлердегі ауыл мектептерінің түлектері үшін жеке сүзгі іске асырылған.

Әр талапкер өтінішті бір рет қана бере алады, бұл ретте төрт түрлі колледжге дейін, төрт мамандық таңдау мүмкіндігі бар. Құжаттардың жалпы көлемі 5 мегабайттан аспауы тиіс.

Өтініш беру үшін талапкерге:

- * eGov.kz порталында авторизациядан өту қажет;
- * «Білім» бөлімінен «Колледждер» санатын таңдау керек;
- * «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» қызметін таңдау қажет;
- * барлық қажетті жолдарды толтырып, құжаттарды жүктеу керек;
- * қызметті қолжетімді әдістердің бірімен растау қажет;
- * қызмет нәтижесі пайдаланушының Жеке кабинетінде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады. Қызмет көрсету мерзімі — 3-5

жұмыс күніне дейін. Құжаттарды қабылдау кезең-кезеңімен жүргізіледі және оқу түрі мен білім беру бағдарламасына байланысты.

Қабылдау шарттары, құжаттарды тапсыру мерзімдері мен талаптардың толық тізімімен eGov.kz порталында қызметтің паспортында танысуға болады.

Қызметті жетілдіру Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Оқу-ағарту министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ұлттық зерттеулер және білім беру сапасын бағалау орталығының бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ, «ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

ЖЕКЕ КҮЕЛІКТІ EGOV.KZ ПОРТАЛЫ МЕН EGOV MOBILE MOBILEДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ АУЫСТЫРУҒА БОЛАДЫ



Жаңа жеке куәлікті онлайн түрде тек оның қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда ғана ауыстыруға болады — құжат мерзімі аяқталғанға дейін 30 күн бұрын немесе мерзімі өткеннен кейін 10 күн ішінде. Дайын құжатты қайдан және қашан алуға болады? Жаңа жеке куәлікті өтініш беруші алдын ала көрсеткен тіркеу пунктінен алуға болады. Құжатты дайындаудың стандартты мерзімі — 15 жұмыс күні.

«Жеке куәлік пен паспортты беру» қызметі үшін мемлекеттік баж салығы қанша?

Қызметке тапсырыс беру үшін eGov.kz электрондық үкімет порталында авторизациядан өтіп, қажетті қызметті таңдап, биометриялық сәйкестендіруден өту, мәліметтерді толтыру, қол қою әдісінің бірі арқылы өтінімді растау және мемлекеттік баж салығын банк қосымшасы арқылы төлеу қажет. Қызметті eGov Mobile мобильді қосымшасында қалай алуға болады?

Мобильді қосымша арқылы өтінім беру үшін қосымшада авторизациядан өту, тиісті қызметті таңдап, биометриялық сәйкестендіруден өту, қажетті деректерді толтыру, құжатты алу орнын көрсету, мемлекеттік баж салығын төлеу және өтінімді Face/Touch ID арқылы растау қажет.

«Жеке куәлік пен паспортты беру» қызметін кімдер пайдалана алады?

Бұл қызметті тек жеке куәлік иесі ғана ала алады. Басқа адамның атынан, тіпті сенімхат немесе қамқоршылық негізінде де өтінім беру мүмкін емес.

Жеке куәлікті онлайн ауыстыру қандай жағдайларда мүмкін?

Биометриялық деректер қаншалықты сенімді қорғалған?

Барлық биометриялық деректер «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның қорғалған контурында шифрланған түрде сақталады. Digital ID ақпараттық жүйесі ҚР ЦДИАӨМ Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің талаптарына сәйкестігі жөніндегі актіге ие.

Егер қолданушы биометриялық сәйкестендіруден өте алмаса не істеу керек?

Кейбір жағдайларда пайдаланушылар биометриялық сәйкестендіруден өте алмауы мүмкін. Бұл бет-әлпетінің ерекшеліктеріне, операциядан кейінгі өзгерістерге, тыртықтардың болуына, жас ерекшеліктеріне немесе мимикаға байланысты болуы ықтимал.

Мұндай жағдайлар қызмет көрсетуден бас тарту болып саналмайды — бұл қауіпсіздік шарасы ретінде қарастырылған. Онлайн сәйкестендіруден өту мүмкін болмаған жағдайда, жүйе автоматты түрде балама нұсқа — ХҚКО арқылы рәсімдеуді ұсынады. Бұл ретте өтініш беруші өзіне ыңғайлы кез келген ХҚКО-ға жүгіне алады.

Қызмет туралы толық ақпаратпен eGov.kz порталындағы қызмет телқұжатынан танысуға болады.

Жаңашылдық ҚР Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ,

«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1326 дана. Тапсырыс 737
Көлемі 1 баспа табак, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУДІҢ АРҚАУЫ - «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»

Өткен аптада Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы ғимаратында Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында аудан прокуроры мен полиция бөлімі «Заң мен тәртіп» қағидатын ілгерілету, жүзеге асыру бойынша аудан жастарымен кездесу өткізді.

Азаматтардың құқықтарын қорғау, олардың мәселелерін шешу, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуды көздеген шара барысында лудомания, нашақорлық, есірткінің алдын-алу бойынша мәселелер қозғалды. Кездесу соңында жастар арасында тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы секілді спорттық ойындар ұйымдастырылып, жеңімпаздар алғыс хаттар және естелік сыйлықтармен марапатталды.

САНАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ — БАСТЫ НАЗАРДА

Өткен аптада Ақтөбе облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ерлан Бақытұлы Сұлтангереев жұмыс сапарымен Ойыл аудандық ауруханасына келді.

Сапар барысында стационардағы науқастардың жағдайымен танысып, көрсетілетін медициналық қызмет сапасына ерекше назар аударылды. Сонымен қатар аурухананың жаңа технологиядағы жабдықтарымен танысып, аурухана ұжымымен кездесу өткізіліп, дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің көкейіндегі мәселелер мен ұсыныстар тыңдалды. Кездесу нәтижесінде кейбір өзекті мәселелер сол жерде шешімін тауып, тиісті тапсырмалар берілді.

FSM SOCIAL ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ОҚЫТУ ОЙЫЛДА ДА ӨТТІ

Ақтөбе облысында әлеуметтік қолдау саласын цифрландыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Осы мақсатта Ойыл ауданында FSM Social жүйесімен жұмыс істеуге арналған оқыту семинары өтті.

Семинар барысында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мамандары жүйенің функционалдық мүмкіндіктерін жан-жақты түсіндіріп, практикалық қолданысқа ерекше назар аударды. Қатысушылар FSM Social платформасын нақты жағдайларда пайдалануды үйреніп, күнделікті қызметіне бейімделген жеке жұмыс жоспарларын әзірлеу бойынша әдістемелік көмек алды.

ҚАРАҚҰРТТАН ҚАУІП КӨП!

АУДАНЫМЫЗДА МАУСЫМ АЙЫ БАСТАЛЫСЫМЕН ҚАРАҚҰРТ ӨРМЕКШІСІНІҢ АДАМДАРДЫ ШАҒУЫ КӨП ТІРКЕЛДІ. ЗАРДАП ШЕГУШІЛЕРДІ ТЕЗ АРАДА АУРУХАНАҒА ЖЕТКІЗУ ҚАЖЕТ. СОНДА ҒАНА УДЫҢ ТАРАЛУЫНЫҢ ҚАУІП ТӨМЕНДЕТЕДІ.

Қарақұрт — өрмекшілер тобына жатады. Шөл және шөлейт жерлерде көп кездесетін улылығы жағынан аса қауіпті жәндік. Құрсағы дөңгелек пішінді, қара түсті. Арқасында қызыл дақтары болады. Оның шаққан уы адамға да, малға да қауіп төндіреді. Ырмышыл халқымыз «Қарақұрт шағыпты» дегеннің орнына, «Қарақұрт тиіпті» деп айтады.

Бұл атын атаса жәндіктің уы бойға тез тарайды деген түсініктен туса керек. Ол Қазақстанның шөлді аймақтарында, Қырымда, Кавказда кездеседі. Сонымен бірге Иранда, Ауғанстанда, Жерорта теңізі жағалауларында және Сібірдегі Енисейде, Африканың солтүстігінде, Орта Азияның батысы мен тау етектерінде, Еуропаның оңтүстігінде және Украинаның оңтүстігінде көп тараған.

Қарақұрт ұяларын құрғақ арықтардың көлеңке жағына, кемір-гіштердің індеріне және жусанның, жантақтың, жыңғылдың түптеріне салады. Алдымен, қарақұрт құмырсқалармен, шегіртке терізділермен, барылдақтармен (түнде ұшатын қоңыздар) қоректенеді. Сондай-ақ, олардың торларынан шаяндарды және үлкен емес кесірткелерді де кездестіруге болады. Олардың адамдарды және жануарларды шағу қауіп тамыз айының соңына таман шағудың ең жоғарғы сатысына жетеді. Бірақ маусым айының екінші онкүндігінен бастап, қыркүйектің соңына дейін шағудың кездесетіні де анықталған. Қарақұрт малдарға және адамға өздігінен шабуыл жасамайды. Улы жәндіктің уы туралы ғалым Кобреттің мағлұматы бойынша, жоғары молекулалық салмағы бар және сақтағанда өте тез бұзылады. Қарақұрттың уы алдымен жүйкеге әсер етеді. Адамдар мен түйелер өте тез уланады.

Қарақұрт шаққанда не істеу керек?

Егер адамды қарақұрт шақса, алғашқы кезекте шаққаннан қалған дағынан бірінші қанның тамшысын сығып шығару және ауызбен уды сорып алу қажет.

Көмек берушінің аузының ішінде жаралары болмауы тиіс. Жәндіктің шаққаннан қалған дағын калий перманганат ерітіндісінмен өңдеп, ол жерге суық сулы шүберек қойып таңған абзал. Қандай жағдайда да ауруды ауру-

ханаға жеткізген жөн. Дұрыс және өз уақытысында емдеу удың қауіп-қатерін төмендетеді. Қарақұрттардың шағуының алдын алу медицина және ветеринария үшін маңызды. Жәндік шаққан сәтте сол жерді сіріңке сырпы-ларының басын қосып, тұтандырып күйдіруге болады. Неге десеніз, өрмекші теріні өзінің хелицерімен (жұп ауыз аяқтарымен) тереңдігі 0,5 мм ғана тістеп алады. Бірақ мұны шаққаннан кейін кешіктірмей 1-2 минут ішінде істеу керек.

Неғұрлым тез жасалынса, соғұрлым тез қайтады. Қарақұрттың ең улысы жыныстық кезеңде жетілген ұрғашылары. Ұрғашысының үлкендігі 1,5-2 см, еркегі 1 см шамасында. Себебі, оның уы жыланның уынан 15 есе күшті. Қарақұрт шаққанда орны қатты ауырады, ауырғаны бүкіл денеге тарап, аяқ тартылады.

Адамның басы ауырады, жүрегі жиі соғып, енгідегі, тілі күрмеледі, құсады, терлейді, сандырақтайды, есінен танады. Тіпті өліп кетуі мүмкін. Енді қарақұрт шағудың алдын-алу шараларына келсек, қой, ірі қара бағатын малшыларды улы өрмекшілер бар жерде, әдетте түнгі ұйқыға жату үшін жататын орнынан бірнеше рет отарды айдап өткізеді. Жерге киіз төсенішті қойдың терілерін төсейді. Сөйтіп, айналасына су сеуіп, тесектің сыртын қылды арқанмен қоршайды.

Бірақ бұл жасалған қарекеттер кейде қарақұрттарды тоқтата алмайды. Сондықтан қазіргі кезде далаға түнегенде жерге ұйықтамаған жөн. Қарақұрт шаққанда ішімдік ішпеңіз. Ішімдік пен у қосынша, жоғары денсаулық салмағы бар және сақтағанда өте тез бұзылады. Қарақұрттың уы алдымен жүйкеге әсер етеді. Адамдар мен түйелер өте тез уланады.

Қарақұрт шаққанда не істеу керек?

Егер адамды қарақұрт шақса, алғашқы кезекте шаққаннан қалған дағынан бірінші қанның тамшысын сығып шығару және ауызбен уды сорып алу қажет.

Көмек берушінің аузының ішінде жаралары болмауы тиіс. Жәндіктің шаққаннан қалған дағын калий перманганат ерітіндісінмен өңдеп, ол жерге суық сулы шүберек қойып таңған абзал. Қандай жағдайда да ауруды ауру-

АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ-МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ ЖӘНЕ ҚОРҒАЛУЫ - ӨР МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛПЫ АДАМ ҮШІН ЖАЙЛЫЛЫҒЫНЫҢ БЕЗБЕНІ, ЕЛДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН КӨРСЕТКІШ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.К.ТОҚАЕВ 2021 ЖЫЛДАН БЕРІ ҚАРАЙ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ САЛАСЫНДА ЕКІНШІ ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙЫП, БҰЛ САЛАДАҒЫ РЕФОРМАЛАРДЫ КЕҢЕЙТЕ ТҮСУГЕ ҰЙЫТҚЫ БОЛДЫ.

Осылайша, 2022 жылғы конституциялық реформа аясында Ата заңымыз - Конституцияға Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің құзіреті туралы жаңа бап енгізілді. Сонымен бірге, Уәкілдің құқықтық жағдайын және қызметін ұйымдастыруды айқындайтын, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ететін бірегей құзіретін белгілейтін арнайы Конституциялық Заң қабылданды.

Дәл осы жылы еліміздің 17 өңірінде, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында Уәкілдің өкілдері алғаш рет тағайындалып, өз жұмысын бастады. Азаматтардың жөніндегі Уәкіл А.Е.Ластаевтың басшылығымен Уәкілдің жергілікті өкілдіктері мен орталық кеңсе еліміздегі адам құқықтарының сақталуы мен қорғалуы бойынша өзінің заңмен белгіленген құзіреті шегінде ауқымды жұмыстар атқарды. Азаматтардың өтініштерін қарау арқылы бұзылған құқықтарды қалпына келтіру; түрлі азаматтарды уақытша не тұрақты ұстау мекемелеріне, оның ішінде Ішкі Істер саласына қарасты, Қылмыстық-атқару жүйесіне қарасты мекемелерге, мүгедектігі бар тұлғаларға, балаларға, қарттар мен әлеуметтік көмекке мұқтаж басқа да тұлғаларға арналған жергілікті әкімдіктерге қарасты жабық мекемелерге кедергісіз кез-келген уақытта кіру арқылы ондағы адам құқықтарының сақталу жай-күйін бақылау; адамның іргелі құқықтары туралы құқықтық-ағартушылық түсіндірме жұмыстарын жүргізу; азаматтық қоғам өкілдері мен мемлекеттік органдар арасында адам құқықтары турасында диалог қалыптастыру сияқты жұмыстар қарқынды жүруде. Осылайша, салыстырмалы түрде: 2022 жылы республика бойынша Уәкіл кеңсесіне бас-аяғы төрт мыңдай шағым мен арыз түскен болса, 2024 жылы мұндай арыздардың саны екі еседі артып, 6748-ді құрады. Мысал үшін, осы шағымдармен жұмыс аясында Ақтөбе қаласының бүтіндей бір көшесіне су кіргізілді, үш азаматқа мүгедектік тағайындалып, бес азамат пен бір ұжымның еңбек құқықтары қалпына келтірілді, сегіз азаматтың денсаулығына келген нұқсанның орны толтырылды. Жабық режимдегі мекемелерге кедергісіз кіру және мониторингілеу бойынша 2024 жылы Уәкілдің Ақтөбе облысындағы өкілі адам құқықтарының бұзылуларын жою туралы 170 ұсыным шығарған болса, оның 157-сі толығымен орындалып, адам құқықтарын бұзған 25 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, бұзушылық ізімен 1 қылмыстық іс қозғалды. Бұл сандардың артында мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың әрекеті мен әрекетсіздігі арқылы іргелі құқықтары бұзылған және Уәкіл институтының араласуымен құқықтары қалпына келтірілген адамдардың нақты мәселелері жатыр.

Мысал үшін, 2024 жылы адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің өкілінің араласуымен Ақтөбе облысының білім басқармасына қарасты өмірлік қиын жағдайға душар болған балаларға арналған «Аяла» қолдау орталығында балалардың таза ауада серуендеу, денсаулығын сақтау және басқа да құқықтарын бұзғаны үшін мекеменің алты лауазымды тұлғасы жауапкершілікке тартылған болатын. Сонымен қатар, сотталғандардың ұсталу жағдайларының талаптарға сай келмеуіне байланысты, қылмыстық-атқару жүйесінің №8 мекемесіндегі қатаң ұстау жағдайындағы жасақ Уәкілдің ықпалымен жөндеуден өткізілген үй-жайға көшірілді.

Құқықтық ағарту шаралары аясында мектеп оқушыларынан бастап, мемлекеттік қызметшілерге, тіпті зейнеткерлерге дейін адамның іргелі құқықтары туралы бұрын-соңды болмаған ауқымда дәрістер мен іс-шаралар, кездесулер мен талқы алаңдары ұйымдастырылды. Осылайша, 2024 жылы мұндай түсіндірме жұмыстарымен республика көлемінде 1260 ағарту шарасы аясында 667 741 адам қамтылды. Бұл ретте, адамның іргелі құқықтары туралы түсіндірме беріп өту қажет. Адамның іргелі құқықтары өркімге туылғаннан бастап тиесілі және адам өмірден өткенге дейін сақталады. Олар табиғи және ажырамас құқықтар болып табылады, адамдар оларға тек адам болып дүниеге келгеннен-ақ ие деп есептеледі. Іргелі табиғи құқықтарға өмір сүруге, денсаулыққа, жеке басына қол сұғылмаушылыққа, ар-ождан мен дін бостандығына деген құқықтар және басқа да негізгі бостандықтар жатады. Бұл құқықтар әмбебап, яғни олар барлық адамдарға және барлық жерде бірдей қолданылады: қарт пен нәрестеге, әйел мен ер адамға, діндар мен атеистке, азаматтар мен шетелдіктерге, Қазақстанда және әлемнің кез келген басқа бөлігінде қолданылуға жатады. Сондықтан, іргелі адам құқықтары онша көп емес, бүгінгі күні барлығы 40-қа жуық іргелі табиғи құқық түрлері бар.

Іргелі адам құқықтары барлық елдер үшін бірдей және олар негізгі халықаралық құжаттарда - «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында» және «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» халықаралық пактте, сондай-ақ, «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы» халықаралық пактте бекітілген. Осы үш құжат - адам құқықтары туралы халықаралық Биллді құрайды.

Табиғи, яғни іргелі адам құқықтарынан басқа, адамның өмір сүруі барысында жүре-бара пайда болатын құқықтар да бар, олардың саны жүздеп саналады. Бірақ бұлардың адамның іргелі табиғи құқықтарынан айырмашылығы - олар белгілі бір жағдайларда ғана пайда болады. Мысалы, адамға көлік жүргізу құқығы туылғаннан бастап берілмейді, бірақ арнайы оқуды меңгеріп, жүргізуші куәлігін алғаннан кейін



пайда болады.

Осы жерде айқындап өтетін бір жай - адамның іргелі, табиғи құқықтарының бұзылғаны қалай түсінуге болады? Мына мысалды қарастырайық. Адам мерзімі өткен тауарды сатып алып, алданып қалды делік. Бұл жағдайда тұтынушы құқықтары, яғни жүре бара пайда болған құқықты бұзу орын алды, дегенмен, адамның іргелі, табиғи құқықтары бұзылған жоқ деп есептеледі. Бірақ, егер адам мерзімі өткен тауармен уланып денсаулығына нұқсан келсе, онда бұл жерде - адамның денсаулығын сақтауға деген іргелі, табиғи құқығының бұзылуы туралы айтуға болады. Яғни, дәл осы табиғи құқықтардың бұзылуы бойынша азаматтардың шағымы негізінде Уәкілдің құзырына сай мақсатты жұмыстар жүргізіледі деген сөз. Уәкілдің жанында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясын айшықтай түсетін тек қана белсенді азаматтық қоғам өкілдерінен құралған 2 кеңесші органы - Сарапшылар кеңесі мен Үйлестіру кеңесінің бар екенін дербес атаған жөн. Сарапшылар кеңесіне белгілі заңгерлер, түрлі салада зерделеу жасап жүрген сарапшы мамандар мүше, олар Уәкілдің жұмысына әдіснамалық қолдау жасайды. Ал Үйлестіру кеңесі - әр екі жыл сайын құрамы конкурстық негізде жаңартылып отыратын, жоғарыда аталған жабық мекемелерге кедергісіз кіріп, азаптау мен адамгершілікке жатпайтын қатыгез-қарым-қатынастың алдын алу бойынша жұмыс жасайтын қоғам белсенділерінен құралған арнайы «Ұлттық алдын алу тетігінің» жұмысын үйлестіріп отыратын орган. Уәкілмен тығыз жұмыстанатын сарапшылардың өзара іс-қимылына мысал ретінде келесі жайды атап көрсетуге болады: Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайдың Бұрабайда өткен IV отырысында сотталған әйелдердің құқықтық жағдайын қорғататын заңнамалық нормаларды жасақтауды Парламент депутаттары мен құқық қорғау органдарына тапсырғаны көпшілігімізге белгілі. Еске салған жөн, Мемлекет Басшысы бұл бастаманы құқыққорғаушы сарапшы

Айман Омаровадан хат алғаннан кейін ойға түйгенін Ұлттық Құрылтайда атап көрсеткен болатын. Ал Айман Омарованың - ҚР Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл кеңсесінің бастамасымен 2024 жылы сотталған әйелдердің хал-ахуалын және құқықтық мәртебесін терең зерттегенін және оның Уәкілдің жанындағы үйлестіру кеңесінің белді мүшесі екенін атай кетуіміз қажет. Анықтама ретінде: зерттеу нәтижесінде қылмыс жасаған әйелдердің құқықтық жағдайы, қылмыстық-атқару жүйесіндегі әйелдерге арналған 6 мекемедегі, оның ішінде 3-4 жасқа толмаған балалары бар әйелдерге арналған Алматы облысында Жауапшы елді мекенінде орналасқан №10 мекемедегі әйелдердің көңіл көншіппейтін жай-күйі анықталды.

Бұл - адам құқықтарының мемлекеттік кепілдігінің Уәкіл институтының қызметі арқылы сақталуын ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге азаматтық қоғамның үнін естуге қабілетті мемлекет құру жолындағы жасалып жатырған жұмыстарын айғақтайды. Уәкіл институтының бастамасымен жасалған зерделеу-зерттеу жұмыстары - 2024 жылы сотталған әйелдердің құқықтарына қатысты ғана емес, сонымен бірге жай-күйді жақсарту үшін ұсынылатын шаралар ауқымын айқындау үшін - кемсітушілікке жол бермеу, қылмыстық-атқару жүйесіндегі медициналық қамтамасыз етілу жай-күйі сияқты өзекті мәселелерге де жүргізілді.

Осылайша, жайлы қоғам, толыққанды құқықтық мемлекет қалыптастыру бағытында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кепілдігін білдіретін Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл және оның жер-жерлердегі өкілдері бүгінгі күні заңмен белгіленген құзыр шегінде шынайы құқық қорғаушылық қызметті азаматтық қоғаммен бірлесе отырып жүзеге асыруда.

Аққалқа БАЙДУЛЛИНА, Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің Ақтөбе облысы бойынша өкілі.